324 СФ

«БЕКІТІЛДІ»
ҚР ҒЖБМ «Ұлттық тестілеу орталығы» РМКК директоры
_______________ Р. Емелбаев
«____» __________202__ж.

**Қоғамдық-гуманитарлық бағыты**
**«Тәрбие қызметінің теориясы мен практикасы» пәні бойынша**
**оқытудың қысқартылған мерзімін көздейтін жоғары білім берудің білім беру бағдарламаларына түсушілер үшін ұлттық бірыңғай тестілеуге арналған**
**тест спецификациясы**
(2023 жылдан бастап қолдану үшін)

**1. Тест мақсаты:** Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының бітірушілері жоғары оқу орындарында оқуды жалғастыра алу қабілетін анықтау.

**2. Тест міндеті:** Оқытудың қысқартылған мерзімін көздейтін жоғары білім берудің келесі білім беру бағдарламаларына түсу үшін арналған тест:

**B002-Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу**

**3. Тест мазмұны:**

| № | Тақырып | № | Тақырыпша | Оқу мақсаты |
|---|---|---|---|---|
| 01 | Тәрбие педагогикалық құбылыс ретінде | 01 | Тәрбие: мәні, міндеті, қазіргі идеялар | 1.1.1.Тәрбиенің мақсат-міндеттерін, мазмұны мен негізгі құрылымдарын, тұжырымдамалық негіздерін білу.<br>1.1.2. Мектептегі тәрбие жұмысының бағыттарын анықтау:<br>-Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа, құқықтық тәрбиеге тәрбиелеу.<br>-Рухани-танымдық тәрбие<br>- Ұлттық тәрбие.<br>-Отбасылық тәрбие.<br>- Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие.<br>- Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбиелеу.<br>- Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу.<br>- Дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын насихаттау; |
| | | 02 | Тәрбие, оның ерекшелігі және өзіне тән ерекшеліктері | |
| 02 | Тәрбиенің теориялық негіздері | 03 | Тәрбие мақсаты мен міндеттері | 2.2.1.Тәрбие әдістерінің біріңғай жүйесін меңгеру, формаларын жіктеу. |
| | | 04 | Тәрбие заңдылықтары мен қағидалары | 2.3.1.Ұжым, оқушылар ұжымының кезеңдерін сипаттау.<br>2.3.2 Ұжымды қалыптастырудың негізгі әдістері: педагогикалық талап, өзіне қызмет жасау, жарыс, өзін-өзі басқару |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | | 2.4.1. Сынып жетекшісінің міндетті қызметтері мен бағыттарын білу;<br>2.4.2. Тәрбие жұмыс жоспарларына талдау жасау;<br>2.4.3. Ата – аналармен жүргізілетін жұмыс формаларын қолдану; |
| 03 | Тәрбиелеу ортасы және оны дамыту. | 05 | Отбасы тәрбие факторы ретінде | 3.5.1. Сендіру әдісі және оның тәрбие процесіндегі рөлін, формалары мен құралдарын саралау. |
| | | 06 | Ұжым: түсінігі, құрылымы, сипаттамасы. | |
| 04 | Мектепке дейінгі ұйымдардағы тәрбиешінің қызметі | 07 | Тәрбиеші жұмысының мазмұны, міндеті | 4.6.1.Сыныптан тыс тәрбие жұмысының жоспарын құрастыру;<br>4.7.2.Сыныптан тыс жұмыстарға қойылатын талаптарды меңгеру;<br>4.7.3 Сыныптан тыс тәрбие жұмыстарының түрлерін білу; |
| | | 08 | Тәрбие негізі - педагогтар мен тәрбиеленушілердің салауатты өмір салты. | 5.8.1.Тәрбие сағатын ұйымдастыру жолдары және оған қойылатын талаптарды меңгеру.<br>5.8.2. Сынып сағатын ұйымдастыруда жаңа педагогикалық технологияларды қолдану. |
| 05 | Тәрбие әдістемесі негіздері | 09 | Тәрбие әдістері. | 6.9.1. Отбасының бала тәрбиесіндегі ролін ұғыну.<br>6.9.2. Отбасымен жүргізілетін жұмыс түрлерін анықтау. |
| | | 10 | Тәрбие тәсілдері, құралдары. | |
| 06 | Тәрбиенің басты бағыттары | 11 | Ақыл-ой тәрбиесі | |
| | | 12 | Адамгершілік тәрбиесі | |
| | | 13 | Дене тәрбиесі. | |
| | | 14 | Еңбек тәрбиесі. | |
| | | 15 | Эстетикалық тәрбие. | |
| | | 16 | Экологиялық тәрбие. | |
| | | 17 | Елжандылық тәрбиесі | |
| 07 | Тәрбие үрдісін ұйымдастыру | 18 | Тәрбие жүйесін ұйымдастыру | |
| | | 19 | Тәрбие жұмысын жоспарлау әдістемесі және техникасы | |
| | | 20 | Тәрбиенің ұйымдастыру түрлері | |

**4. Тест мазмұнының сипаттамасы:**

Тест «Тәрбие қызметінің теориясы мен практикасы» пәні бойынша 40 тест тапсырмаларынан тұрады. Оның ішінде:

- 20 бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмалары;
- 10 бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмалары
- 10 бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмаларынан тұратын 2 жағдаят (контекст).

Тапсырмалардың мазмұны осы пән бойынша типтік бағдарламада көрсетілген тақырыптарға сәйкес келеді.

Тесттегі тест тапсырмалары базалық, орташа және жоғары деңгей бойынша күрделену ретімен орналасқан.

**5. Тесттің бір нұсқасындағы тест тапсырмаларының қиындығы:** Тест 3 қиындық деңгейінде берілген тест тапсырмаларынан тұрады: бірінші деңгейде (А) – 25%, екінші деңгейде (В) – 50%, үшінші деңгейде (С) – 25%.

**Базалық деңгейдегі** тест тапсырмалары қарапайым білім мен дағдыларын пайдалануға, түсушінің ең төменгі дайындық деңгейіне баға беруге, белгілі бір нұсқаулардың көмегімен әрекеттерді орындауға, қарапайым дәлелдер мен ұғымдарды пайдалануға негізделген.

**Орташа деңгейдегі** тест тапсырмалары негізгі білім мен дағдыларын дұрыс пайдалануға, жаңа жағдайларда қарапайым модельдерді тануға, деректерді талдау мен салыстыруға, жүйелеуге, дәлелдерді қолданып, ақпаратты жалпылау мен қорытынды жасау қабілеттерін бағалауға негізделген.

**Жоғары деңгейдегі** тест тапсырмалары неғұрлым күрделі білім мен дағдыларын пайдалануды, тапсырмалардың күрделі модельдерін тануды, мәселелерді шешу үшін білім мен дағдыларын біріктіруді, күрделі ақпаратты немесе деректерді талдауды, пайымдауды, тұжырымдарды негіздеуге бағытталған.

**6. Тест тапсырмаларының формасы:** Бір дұрыс жауапты және бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдауға арналған жабық формадағы тест тапсырмалары.

**7. Тест тапсырмаларын орындау уақыты:** Бір тапсырманы орындаудың орташа ұзақтығы 1,5 – 2 минут, жалпы тестті орындау уақыты – 80 минутты құрайды. Жалпы тестті орындау уақыты контекстті оқуға жұмсалатын уақытты ескере есептелген.

**8. Жеке тест тапсырмаларының орындалуын бағалау:** тест тапсырмаларының жауаптарын бағалау ҚР БҒМ 2017 жылғы 2 мамырдағы №204 бұйрығымен бекітілген ҰБТ Қағидаларының 19-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

**9. Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:** Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігімен бекітілген «Білім беру ұйымдарында қолдануға рұқсат етілген оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, оқу құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштердің тізбелері».


1. С.Губашева, А.Отарбай. Тәрбие жұмысының әдістемесі: Оқулық. Астана : Фолиант,2011.
2.Ш.Құрманалина, Б.Мұқанова, Ә.Ғалымова, Р.Ильясова Педагогика-3 басылым. Астана:Фолиант-2014, 472 бет
3. Г.Қ.Баймаханова , Б.Б.Мухамеджанова.Тәрбие теориясы мен әдістемесі. Оқулық.-Ақтөбе:2017.
4.С.Ескалиева Тәрбие жұмысының теориясы және ұйымдастыру әдістемесі. Оқулық Астана: Фолиант, 2014
5. 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығы «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері


**«КЕЛІСІЛДІ»**
**Оқу-әдістемелік**
**бірлестігінің төрағасы**
____________ **Н.Ахат**__________
(қолы) (Т.А.Ә)
**«__08__» ___09________ 2022__ ж.**